



Мердің
орны

Қорытынды аттестаттау емтихан материалдары

Пән: Қазақ тілі мен әдебиеті (оқыту қазақ тілінде емес)

Бағыты: жаңартылған білім мазмұны бойынша қоғамдық-гуманитарлық (қысқартылған)

Білім беру ұйымының атауы: _____

Сынып: 11 **Литер:** ____

Білім алушылардың аты-жөні _____

1-бөлім

Жұмыссыздық мәселесі туралы әкімдік қызметкерлерінің пікірлерін оқып шығыңыз.

1-10-сұрақтар бойынша сәйкес пікірлерді таңдаңыз (А, Ә, Б немесе В). Бір әріпті бірнеше рет қолдануға болады.

1	Жұмыссыздыққа әкелетін бірнеше фактор бар.	
2	Халық аймақтардағы вакансиялардан хабарсыз.	
3	Адамдарды жұмыспен қамту – жаһандық мәселе.	
4	Аянбай еңбек етсең, қызметтік мансапта өсуге болады.	
5	Жұмыссыздықтан гөрі сапалы еңбек ету мәселесі өзекті.	
6	Ер жетсе де, әке-шешесінің қолына қарап отырғандар бар.	
7	Жастарды баспаналы болумен қатар жұмыс табу мазалайды.	
8	Жалқау адам жайлы орын мен жоғары еңбекақыны сылтау қылады.	
9	Күн жылынған кезде маусымдық жұмыс іздейтіндер көбейеді.	
10	Еңбекпен қамту бағдарламалары азаматтардың жас санатын ескереді.	

А. Ерасыл

Адал еңбек ету, маңдай термен ақша табу әрбір жастың ұстанымы болуы керек деп ойлаймын. Себебі кейбір кәмелетке толған жастардың ата-анасының мойнында отырғанын көріп жүрміз. Жұмыс істеудің орнына жақындарына салмақ салып, өз өмірі үшін жауапкершілікті сезінбейтіндер баршылық. Жалқаулық пен жауапсыздыққа бой алдырған жастарға «еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген Абай атамыздың сөзін айтқым келеді. Өз басым қазіргі қызметке дейін қатардағы маман болып жұмыс істедім. «Жұмыс

ауыр» демедім, басшылықтың тапсырған шаруасын орындадым. Кей кездері кешкі онға дейін жұмыста қалып жүрдім. Ертесінде тағы кешікпей жұмысқа шығамын. Еңбегімнің бағаланғаны болар, қазір бөлім басшысымын. Бұл лауазымға тынбай еңбектенудің арқасында жеттім. Адал еңбек – барлығын жеңбек.

Ә. Сәкен

Өңірлерде ауылшаруашылық, қызмет көрсету, кәсіпкерлік салаларында тұрақты жұмыс орындары бар. Оны көпшілік біле бермейді. Қазіргі таңда бос орындарға жұмыссыз жастарды тартудың түрлі механизмдері қолға алынуда. Осы орайда бірнеше мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылып жатыр. Мысалы, «Жастар тәжірибесі», «Алғашқы жұмыс орны», «Күміс жас» сияқты бағдарламалар. Бұл бағдарламаларға мамандығы бойынша жұмыс өтілі бір жылдан аспайтын, 29 жасқа толған білім беру ұйымдарының түлектері қатыса алады. Жұмыспен қамту орталығы 30 айлық есептік көрсеткіштен кем емес мөлшерде жалақы төлейді. Осының өзі жұмыссыз жастарға деген көмек емес пе? Бос жүрген жастарға айтарым: «Жерде жатқан ақша жоқ, табыс тапқың келе ме, жұмыс істе. Үкімет беріп тұрған мүмкіндікті пайдалан».

Б. Назерке

Жасыратыны жоқ, бізге жұмыс сұраған жастар жиі хабарласады. Біздің орталықта тұрғын үй мәселесінен кейінгі өзекті тақырыптың бірі – жұмыс мәселесі. Бұл мақсатта атқарылған істеріміз аз емес. Мәселен, жыл басынан бері жұмысқа орналасуға көмек беру мақсатында 455 кеңес берілді. Соның ішінде 261 адам жұмыспен қамтылса, оның 194-і уақытша, қалғаны тұрақты жұмысқа орналасты. Алда жаз мезгілі келе жатқандықтан, бізге уақытша жұмыс сұрап келетіндер көп. Олардың басым бөлігі – студенттер мен оқушылар. Біз оларға тапсырыс жеткізуші, даяшы және «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы негізінде жұмыстар ұсынамыз. Жұмыс істеймін деген адам екі қолға бір күрек табады. Ал «ақшасы аз» деп, жалақысы көп қызметті айлап күтіп отыру – еріншектің ісі.

В. Эльвира

Жұмыссыздық – күн тәртібінде тұрған мәселенің бірі. Соның ішінде жастардың жұмыссыздығы алаңдатады. Бұл біздің еліміздің ғана емес, жалпы әлемдік проблема десе де болады. Ал осы сұрақтың туу себебі неде? Жұмыссыздықтың бірінші себебі – жұмыс орындарының аздығы, екіншіден, еңбекақының төмендігі. Дегенмен жастардың барлығы жұмыссыз емес. Жұмысқа ынта қойған да жастар баршылық, әйтсе де, мамандығына сай жұмыс таппай жатады. Сондықтан олар оқу бітірген соң қалаға немесе вахталық жұмыстарға кетеді. Жастардың басым бөлігі жоғары жалақы алуды көздейді. Қазіргі уақытта жұмыссыздықпен қатар жұмыстың қандай деңгейде атқарылатынына да көңіл бөлу керек. Адамға жұмыс тауып беруге болады. Бірақ сол кәсіби міндетін орындау жолындағы мәселелер жұмыссыздықтан да маңызды деп ойлаймын.

[Барлығы: 10 балл]

2-бөлім

Мәтін үзінділеріндегі ақпаратты қолданып және өз пікіріңізді қосып, төмендегі сұраққа кемінде 150-200 сөзден тұратын ойыңызды жазыңыз.

Жұмыссыздық мәселесін шешудің жолдары қандай?

[Барлығы: мәтіндердегі идеяларды/ақпараттарды/аргументтерді қолдануына 10 + жеке жауабына 10 + сөйлеу тілінің сапасы үшін 10 = 30]